**«Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша ашық жиналыс арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Шет ауданы Кәрім Мыңбаев а.о. әкімдік аппараты.

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қараоба кен орнынның координатасы, 47°12´00,64´´с.е., 71°21´51,67´´ш.б.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қараоба кен орынның аумағы.

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Караоба-2005» ЖШС, ЖСН 040940001710, Заңы мекен-жайы М06Е9К3, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек Би ауданы, Степной-2 шағын ауд., 6/1 ғим, 207 кеңсе.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: Два Кей» ЖШС, ЖСН 031240001366, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үйі, Тел.: +7 (727) 339-36-01, info@2k.kz.

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **сағат** 12:00, 03.12.2025 ж., Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев а.о., Қызылтау ауылының Әкімшілік ғимаратында, тыңдау офлайн режимде өтті.

Тіркеудің басталу уақыты: 11:55

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 12:00

Қоғамдық тыңдаулардың жабылу уақыты: 12:40

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы

органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында, 03.11.2025 ж. жарияланған https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=29505

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» сайытында жарияланған.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Шет Шұғыласы» газетінің № 43 нөмерінде, 30.10.2025 ж. жарияланған.,
«Сарыарқа» - телеканалында - 30.10.2025 ж. № 34-15/564 эфирлік анықтама.
сканерленген хабарландырулар осы хаттамаға қоса ұсынылған.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 1 дана хабарландырулар келесі мекенжай бойынша: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев а.о., Қызылтау ауылының Әкімшілік ғимаратында хабарландыру жапсырылған, жарияланған.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

**12.** Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатсышы болып - "Два Кей" ЖШС инженері Косаева А.С тағайындалды

«қарсы емес» деп дауыс бергендер саны – 12, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» – 0.

Регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету

«қарсы емес» 12, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» – 0.

**13.** Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«Два Кей» ЖШС мамандары Жуманов А.Б, Бекманов М.Г жиналысқа ұсынылып отырған «Қарағанды облысындағы Караоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша баяндап берді. Парақтардың, слайдтардың саны – 11, есептің парақтары - 3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте.

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

Материалдар толық түрде ұсынылды. Қоғамдық тыңдаулар өткізілді деп есептеледі.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: К. Маубаев атындағы а/о әкімі А.Е. Копенов 05.12.2025

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы; Жалпы білім беру бөлімі Досаева А.С 05.12.25.

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25382935001, Дата: 29/10/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: Карагандинская область, Шетский район

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
Карагандинская область, Шетский район, с.о им.Карима Мынбаева, с.Кызылтау

Предмет общественных слушаний: План горных работ на разработку техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагандинской области Республики Казахстан

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Карагандинская область, Шетский район, с.о им.Карима Мынбаева, с.Кызылтау, в здании Акимата села (ул. С. Сейфуллина д.9) .Zoom: https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1 Идентификатор конференции: 850 7699 6663 Код доступа: 830342, 03/12/2025 12:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (105 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Шет Шұғыласы; телеканал «SARYARQA»

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Доски объявлений акимата

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Караоба-2005"" (БИН: 040940001710), +7(705)-566-82-87, 8 7777824534, karaoba_2005@mail.ru,

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Два Кей"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25382935001, Дата: 30/10/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25382935001, от 29/10/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету План горных работ на разработку техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагандинской области Республики Казахстан, в предлагаемую Вами 03/12/2025 12:00, Карагандинская область, Шетский район, с.о им.Карима Мынбаева, с.Кызылтау, в здании Акимата села (ул. С. Сейфуллина д.9) .Zoom: https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1 Идентификатор конференции: 850 7699 6663 Код доступа: 830342(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью ""Караоба-2005"" (БИН: 040940001710), +7(705)-566-82-87, 8 7777824534, karaoba_2005@mail.ru,

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Два Кей"

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына 4-қосымша

**Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы**
Қарағанды облысы, Шет ауданындағы «Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» бойынша.

| № р/с | **Қатысушының аты-жөні** | **Қатысушы санаты** (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемл-тік органның өкілі) **Категория участника** (представитель заинтер-ной общес-ти,) | Байланыс телефон нөмірі<br><br>Контактный номер телефона | **Қатысу форматы.**<br>**Формат участия** (очно или посредством конференцсв) | Қолы (ашық жиналысқа катысқан жағдайда) **Подпись** (в случае участия на открытом собрании) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шакимова Ж.Р | ауыл тұрғ. | | очно | [signature] |
| 2. | Елдосов С.Е. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 3. | Каримов Ж.И. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 4 | Толенбеков С. | ауыл тұрған | | очно | [signature] |
| 5 | Тұмай Б. | ауыл тұрған | | очно | [signature] |
| 6 | Бекмухамбетов С. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 7 | Егінбай Е. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 8 | Марин Б. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 9 | Жулеуов И.Ж. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 10 | Сәйтов Ғ.Ж. | ауыл тұрғына | | очно | [signature] |
| 11 | Ходжаков Ж.М | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| 12 | Тілегенов Т. | ауыл тұрғыны | | очно | [signature] |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |



Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beisenbi, 30 qazan 2025 jyl №43 (11 188)

Мереке шуағы

Республика күні 25 қазан

## ЖАҢА ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған "Жайлы мектеп" ұлттық жобасымен ауданымызда жаңадан екі мектептің құрылысы басталған болатын. Соның бірі - Сәкен Сейфуллин атындағы мектепте.**

**Республика күні қарсаңында мыңдаған мектеп күткен білім ордасы есігін айқара ашты. Кент тұрғындары үшін бұл айтулы мереке болды десек артық айтқанымыз емес.**

300 орынға арналған білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Кең әрі жарық кабинеттер заманауи, эргономикалық жиһазбен жабдықталған. Сондай-ақ, асхана, кітапхана, акт және спорт залдары, STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника мен графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмелерге арналған арнайы бөлмелері бар.

Мектепке жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған 22 интерактивті тақта орнатылған.

Білім ордасы қауіпсіздік тұрғысынан да заманауи талаптарға сай. Мұнда полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері қойылған. Олар бейнекамералармен жабдықталған, бұл төтенше жағдайда ақпаратты жедел алмасуға, тез әрекет етуге мүмкіндік береді.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген облыс әкімі Ермаханбет Болекпаев алдымен барша жиналғандарды Республика күнімен және жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, мектеп оқушыларына бұл мектеп сіздердің армандарыңыздың бастауына айналып, білімге құштар, отанын сүйетін ұрпақ болып өсіңіздер. Біз ұстаздар мен ата-аналардың еңбегін жоғары бағалаймыз. Бұл білім ордасы өскелең ұрпақтың сапалы білім мен тәрбие алуына айналсын, - деді облыс әкімі.

Оқушылар жаңа мектептен таңғалып, қуана аралауда. Ұстаздар да мектеп кабинеттері мен жабдықтарымен танысып жатыр.

Мектептің ерекшелігі - бастауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктардың болуы.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін де барлық жағдай қарастырылған: бірінші және екінші қабатты байланыстыратын лифт орнатылған.

Мектеп аумағы да абаттандырылған: футбол, волейбол, баскетбол және хоккей алаңдары, сондай-ақ, воркаут аймағы бар.

*Өз тілшімізден.*

## МӘҢГІЛІК ЖЕЛБІРЕ, КӨК ТУЫМ!

**25-қазан Республика күні мерекесі еліміз үшін тарихи сананы жаңғыртып, ел келешегіне сеніммен қарауға мұрындық ететін маңызды күн.**

**Осы мереке күні еріктінің бойында патриоттық сезімді арттырып, барша азаматтарға ерекше рух сыйлайды десек, артық айтқанымыз емес. Он жылдан аса уақыттан кейін халықпен қайта қауышқан мерекенің жоғары деңгейде аталып өтуі біз үшін үлкен мерей.**

25-қазан күні «Мәңгілік желбіре, көк туым!» атты жалпай өлтіре орындау шарасы болып өтті. Салтанатты шарада Мемлекеттік ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны орындалды. Жиналған көпшілік алдында аудан әкімі М.Мұхтаров сөз сөйлеп, жиналған барлығын құттықтау, тілегін арнады.

Шара соңында аудандық мәдени-сауық орталығының әншілері әуелете ән шырқады.

Еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін!

Аспанымыз ашық, Тәуелсіздігіміз тұрақты, баянды болсын!

*Өз тілшімізден.*

Ұлттық жоба

## ЖАҢА ЕМХАНА ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

**Халықтың денсаулығы, өмір сапасы еліміздің қарқынды дамуына, экономикасына әсіресе, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына септігін тигізетіні белгілі. Сондықтан мемлекет медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін барынша арттырып келеді. Соның бір айғағы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы.**

Республика күніне орай Кеншоқы ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салтанатты түрде ашылды. Салтанатты шараға Қарағанды облысының әкімі Ермаханбет Болекпаев тікелей эфир арқылы қосылып, нысанның ашылуына ресми түрде рұқсатын берді. Іс-шараға Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Керсенбаев арнайы қатысып, ауыл тұрғындарын Республика күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Сонымен қатар, ауылдың қадірменді ақсақалдары сөз сөйлеп, жүректерінің жылы лебіздерін білдірді. Лента қию рәсімі жасалып, қазақы дәстүрмен ақ жаулықты аналар шашу шашты.

Жаңа ФАП-тың ашылуы - ауыл халқының денсаулығын жақсартуға, медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

*Өз тілшімізден.*

БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

"ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ" ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Shet shuǵylasy

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР! "ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ" ГАЗЕТІМЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗДАР!

АУДАНДЫҚ "ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ" ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ 1 ЖЫЛҒА 6671.52 ТЕҢГЕ 6 АЙҒА 3385.76 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65089

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМҒА "ҚАЗПОЧТА" АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»

SARYARQA

30.10.2025 № 34-15/564

# ЭФИРНАЯ СПРАВКА

Настоящей справкой подтверждаем о том, что 30 октября 2025г. на телеканале «SARYARQA» размещено видеообъявление телегазета о проведении общественных слушаний следующего содержания:

*«Караоба-2005» ЖШС ашық жиналыс түрінде «Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 03.12.2025 ж. сағат 12:00-де Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев а.о., Қызылтау ауылының Әкімшілік ғимаратында өткізіледі.*

*https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1*

*Конференция идентификаторы: 850 7699 6663, кіру коды 830342.*

*Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы «Караоба-2005» ЖШС, ЖСН 040940001710, Заңды мекен-жайы M06E9K3, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек Би ауданы, Степной-2 шағын ауд., 6/1 ғим. 207 кеңсе.*

*Жоба әзірлеуші: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366, 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.*

*Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда https://hearings.ndbecology.gov.kz және «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.*

*Тау-кен учаскесінің географиялық координаттары: 47°12'00,64'' с.е., 71°21'51,67'' ш.б.*

*Барлық ақпаратты мына байланыс телефондарынан алуға болады: : 8(727) 376-60-62, info@2k.kz. «Два Кей» ЖШС, +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99 .*

*Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://hearings.ndbecology.gov.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады».*

*«ТОО «Караоба-2005», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану горных работ на разработку техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагандинской области.*

*Место и время проведения, а также ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM для всех заинтересованных сторон: 03.12.2025 г в 12.00, в Шетском районе, с.о Карима Мынбаева, с.Кызылтау, в здании Акимата села*

Қазақстан Республикасы
100000, Қарағанды қаласы
Жұмысшы-Интернационалистер көшесі, 14
Республика Казахстан
100000, город Караганда
ул.Воинов-Интернационалистов, 14
Телефон: 8-7212-41-11-25
Fax: 8-7212-41-27-23

*https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1*

*Идентификатор конференции: 850 7699 6663 . Код доступа: 830342*

*Инициатор деятельности: ТОО «Караоба-2005», БИН 040940001710, Юр. адрес: M06E9K3, РК, Карагандинская область, г.Караганда, район имени Казыбек Би, Микрорайон, Степной-2, строение 6/1, оф.207.*

*Составитель проекта: ТОО «Два Кей», РК, г. Алматы, ул. Жарокова, 314 «А», т/факс +7 (727) 339 36 01, e-mail: info@2k.kz. БИН 031240001366. (Лицензия №01919Р от 28.04.2017 г., выданная РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля МЭРК»).*

*С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».*

*Адрес: РК, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20. E-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru Герман Надежда Викторовна.*

*Географические координаты горного отвода: 47°12´00,64´´с.ш., 71°21´51,67´´в.д.*

*Всю информацию можно получить по следующим контактам: 8(727) 376-60-62, info@2k.kz, ТОО «Два Кей», +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99 .*

*Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».*

Заказчик – ТОО «Два Кей».

**Отдел анализа и выпуска эфира** **Б. Сулейменова**

*Тел.: 8(7212)41-11-25*

Стенд






**Хабарлама**

«Караоба-2005» ЖШС ашық жиналыс түрінде «Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды. **Қоғамдық тыңдау өткізу күні, уақыты, мекен-жайы: 03.12.2025 ж. сағат 12:00-**де Шет ауданы, Кәрім Мыңбаев а.о., Қызылтау ауылының Әкімшілік ғимаратында өткізіледі.

https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1

Конференция идентификаторы: 850 7699 6663, кіру коды 830342.

**Көзделіп отырған қызметтің бастамасышы** «Караоба-2005» ЖШС, ЖСН 040940001710, Заңы мекен-жайы M06E9K3, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек Би ауданы, Степной-2 шағын ауд., 6/1 ғим, 207 кеңсе.

**Жоба әзірлеуші**: «Два Кей» ЖШС, БСН 031240001366. 050060, Алматы қ., Жароков көш. 314 «А» үй, 8(727) 339-36-01, info@2k.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда https://hearings.ndbecology.gov.kz және «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады

https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=kz

Тау-кен учаскесінің географиялық координаттары: 47°12′00,64′′с.е., 71°21′51,67′′ш.б.

Барлық ақпаратты мына байланыс телефондарынан алуға болады: : 8(727) 376-60-62, info@2k.kz, «Два Кей» ЖШС, +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99 .

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://hearings.ndbecology.gov.kz Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

**Объявление**

ТОО «Караоба-2005», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану горных работ на разработку техногенных минеральных образований месторождения Караоба в Карагандинской области.

Место и время проведения, а также ссылка на онлайн подключение к конференции ZOOM для всех заинтересованных сторон: **03.12.2025 г в 12.00, в Шетском районе, с.о Карима Мынбаева, с.Кызылтау, в здании Акимата села**

https://us06web.zoom.us/j/85076996663?pwd=EbBKOwSXCAgMJJ8J8IHJVkd8X5mwZU.1

Идентификатор конференции: 850 7699 6663 . Код доступа: 830342

Инициатор деятельности: ТОО «Караоба-2005», БИН 040940001710. Юр. адрес: M06E9K3, РК, Карагандинская область, г.Караганда, район имени Казыбек Би, Микрорайон, Степной-2, строение 6/1, оф.207.

Составитель проекта: ТОО «Два Кей», РК, г. Алматы, ул. Жарокова, 314 «А», т/факс +7 (727) 339 36 01, e-mail: info@2k.kz, БИН 031240001366. (Лицензия №01919Р от 28.04.2017 г., выданная РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля МЭРК»).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/documents/1?lang=ru

Адрес: Республика Казахстан, 100008, г.Караганда, ул.Лободы, 20. E-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru Гермаш Надежда Викторовна.

Географические координаты горного отвода: 47°12′00,64′′с.ш., 71°21′51,67′′в.д.

Всю информацию можно получить по следующим контактам: 8(727) 376-60-62, info@2k.kz, ТОО «Два Кей», +7-777-782-4534, +7-771-765-62-99 .

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz, а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

***Баяндама***

*Қоғамдық тыңдауларға*

Әкімшілік жағынан Қараоба кен орны Қарағанды облысының оңтүстігіндегі Шет ауданында орналасқан. Кен өндіру учаскесінің ауданы 6,4 шаршы шақырымды құрайды.

Жақын жердегі Жамбыл елді мекені 2-2,5 шақырым жерде орналасқан.

Бұл ауыл Жамбыл ауылы әкімшілігінің әкімшілік орталығы және жалғыз елді мекені болғандықтан  Шет ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі No 57/03 бірлескен қаулысымен жойылып, Шет ауданы Кәрім Мыңбаев ауылдық округінің Қызылтау ауылының әкімшілік-аумақтық бағыныстылығына енгізілді.

Ең жақын елді мекендер – Кәрім Мыңбаев ауылдық округіне қарасты Қызылтау ауылы, ол жоспарланған жұмыс орнынан 105 шақырым жерде орналасқан.

Қараоба кен орнындағы техногендік минералдық түзілімдерді (тау-кен қалдықтары) ашық әдіспен өндіру. Бұған вольфрам алу және вольфрамит концентратын алу үшін қалдықтарды қазу, тасымалдау, сақтау, араластыру және кейіннен өңдеу кіреді.

Өңдеуден кейін қалдықтар қалдық қоймасының қазылған кеңістігіне қайта орналастырылады.

Қуаттылығы: Қалдықтарды өндіру және өңдеу бойынша жылдық қуаттылығы 519 809 тонна. Игеруге арналған қорлардың жалпы көлемі 2 384 354 тоннаны құрайды.

Тау-кен жұмыстары белгіленген қарқынмен бес жыл бойы жалғасады. Құрылыс уақытын, игеру уақытын, пайдаланудан шығару уақытын және жабылуын қоса алғанда, кеніштің жалпы қызмет ету мерзімі жеті жылды құрайды.

Тау-кен жұмыстары жыл мезгілінде қоршаған ортаның температурасы 0°С-тан жоғары болған кезде жүргізіледі. Тау-кен жұмыстары тәулік бойы ауысыммен (әрқайсысы 11 сағаттан екі ауысым) жүргізіледі.

Тау-кен жұмыстары бес жылдық кезеңге жоспарланған, әр жыл сайын материалдың белгілі бір көлемі мен құрылымын қамтиды, жұмыс қабатының барлық тереңдігі бойынша біркелкі өндіру.

Байыту қалдықтарының жалпы қоры төлқұжат деректері бойынша вольфрам триоксиді 0,138%, молибден 0,003%, висмут - 0,049%, қалайы - 0,045% орташа мөлшерімен 2 562,52 мың тоннаны құрайды.

Қатты пайдалы қазбаларды өндіру бұрғылау және жару жұмыстарын қолданбай, экскаваторлар мен тиеу жабдықтарын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Қатты минералды қалдықтар уақытша сақтау орындарына самосвалдармен жеткізіледі.

Қалдықтарды өңдеу және толтыру үшін төрт (4) 20 тонналық самосвал жеткілікті.

Кен орнындағы жабдықтың орналасуы келесідей:

Кен орнында 1 экскаватор.

Кенді араластыру алаңына және қалдықтарды қабылдау бункеріне тиеуге арналған бір 1  тиегіш.

Кәдеге жарату орындарындағы жұмыс бетін және қалдықтарды тегістеуге арналған бір 1  бульдозер.

Қайта өңдеу қалдықтарын автосамосвалдарға тиеу және тиеу үшін бір 1 тиегіш. Дәл осы жүк тиегіш өнеркәсіп алаңындағы технологиялық жолдарды тегістеу үшін пайдаланылады.

Зауытқа қалдықтарды тасымалдауға және өңделген қалдықтарды қалдық қоймасында сақтау үшін қайта тасымалдауға арналған төрт 4 самосвал.

**Сумен жабдықтау және сарқынды** суларды бұру

Техникалық сумен жабдықтауды Қараоба кен орнының шахталық суымен қамтамасыз етуге болады. Тұрмыстық және ауыз су импорттық сумен қамтамасыз етіледі.

**Суды тұтыну дегеніміз**:

Ауыз суға 264,5 $м^3$/жыл және шаңды басуға 4600 $м^3$/жыл.

Жылы мезгілде шахта бетіндегі және өнеркәсіп алаңындағы жолдардағы шаңды басу арнайы суару машинасының көмегімен жүзеге асырылады. Су басқан шахтаның суы суаруға пайдаланылады.

Дәл осы су өңдеу зауытына да пайдаланылады. Ағынды сулар қайтадан шахтаға жіберіледі.

Жобада ағынды сулардың қоршаған ортаға төгілуі қарастырылмаған.

Тау-кен жұмыстары кезінде шығарындылардың негізгі көздері: экскаваторлар, бульдозерлер, жүк тиегіштер, самосвалдар, жылжымалы көздер, дәнекерлеу машиналары.

Тау-кен **жұмыстарын жүргізу кезінде атмосфераға шығарылатын** негізгі заттар: құрамында 70-20% кремний диоксиді (қауіптілік класы 3), азот (IV) диоксиді (қауіптілік класы 2) бар бейорганикалық шаң; азот (II) оксиді (қауіптілік класы 3); көміртек (күйе) (қауіптілік класы 3); күкірт диоксиді (қауіптілік сыныбы 3); күкіртсутек (қауіптілік класы 2), көміртегі оксиді (қауіптілік сыныбы 4); керосин; темір оксиді (қауіптілік класы 3), марганец және оның қосылыстары (қауіптілік класы 2), фторидтер мен газдар (қауіптілік класы 2), абразивті шаң, суспензиялы бөлшектер.

Барлығы болжамды шығарындылардың көлемі: 2025-2030: 16,27972643 т/жыл автокөлітермен болады, ал көліксіз 15.26042643 т/жыл есеппен күтілуде.

Өнеркәсіптік қалдықтар тау-кен жұмыстары кезінде және әртүрлі мамандандырылған жабдықтар мен көліктерді пайдалану кезінде пайда болады.

Өндірістік қалдықтар сұйық және қатты қалдықтардан тұрады:

– қайталама қатты қалдықтар қалдықтары;

– арнайы жабдықты пайдалану және қызмет көрсету кезінде пайда болатын қалдықтар.

**Қоршаған ортаға қолайсыз әсерді** азайту шараларына мыналар жатады:

- көлік қозғалысы қарқынды жүретін жолдарда шаңды басу
жолдарды көше тазартқыштармен бүрку арқылы;

- ағынды суларды жер үсті су объектілеріне жібермей өндірістік қажеттіліктер үшін жабық су айналымы жүйесін пайдалану.

- арнайы жабдықтың қозғалтқыштарын мұнай төгінділерін жинайтын науалармен жабдықтау;

- жол торабын дамыту және ұйымдастыру, көлік құралдары мен арнайы техниканың жолдан тыс жүруіне тыйым салу.

Зиянды әсерді азайту бойынша жоғарыда аталған шаралар қалыпты жұмыс жағдайында ауаның ластануының есептелген көрсеткіштері бойынша жеткілікті, өйткені олар ауа сапасына қойылатын санитарлық талаптарды қамтамасыз етеді.

Қоршаған ортаны қорғау шаралары қоршаған ортаның барлық компоненттерін барынша сақтауды қамтамасыз ететін кешенді болады.

Ластанудың алдын алу бойынша негізгі шаралар кешені:

- барлық жұмыстар қатаң түрде жер телімінің шегінде жүргізілуі керек

Жол құрылысы мен көлік құралдарына жанармай құю жер асты суларының ластануын болдырмау үшін тиісті стандарттар мен ережелерді қатаң сақтай отырып жүргізілуі керек; жабдықты тек балшық ұстағыштармен жабдықталған арнайы орындарда жуу керек; жанар-жағармай қалдықтарын жерге төгуге тыйым салынады

Автотұрақтар мен жанар-жағармай құю алаңдарынан жанар-жағармайдың төгілуін жою үшін адсорбенттер жинағы және мұнаймен ластанған қалдықтар мен топырақты жинауға арналған арнайы металл контейнерлер қарастырылған.

Химиялық және басқа да зиянды заттар, сұйық және қатты қалдықтар бетон негізі және жинау шұңқыры бар арнайы бөлінген орындарға жиналады.

Жер үсті нөсер және еріген қар суларының дренажды және ұйымдастырылған ағуын қамтамасыз ету үшін учаскенің табиғи рельефіне сәйкес тік жоспарлау аяқталғаннан кейін еңіс жүргізіледі;

- бақылау ұңғымаларының желісін құру (суды мерзімді химиялық талдау (pH, тұздар, ауыр металдар, реагенттер және т.б.)

- ҚР заңдылықтарына сәйкестігі.

**Жануарлар дүниесін сақтаудың мынадай шаралары** қарастырылған:

Жануарлар әлеміне теріс әсерді азайтудың негізгі шаралары мыналарды қамтуы керек:

- жануарлардың өндірістік және тұрмыстық қалдықтар қоймаларына кіруін шектеу.

Өндіріс орындары мен оған жақын аумақтардың тазалығын сақтау;

- түнгі уақытта көлік қозғалысын азайту;
- Көлік құралдарын тек белгіленген жолдармен жүргізу;
- Мамандандырылған жабдықтар мен көліктерге екінші реттік сорғыштарды орнату;
- Мұнайдың төгілуін азайту.
- Өндірістік жабдыққа тұрақты техникалық қызмет көрсету және оны өндіруші стандарттарына сәйкес пайдалану;
- экологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу;
- жабайы жануарларды тамақтандыруға және жем беруге тыйым салу;
- Браконьерлікке және аңшылықтың кез келген түріне тыйым салу№
- табиғи еркіндік жағдайында биологиялық әртүрлілікті және жануарлар дүниесі қауымдастықтарының тұтастығын сақтау;
- кәсіпорын қызметкерлерінің экологиялық талаптар мен ережелерді міндетті түрде орындауы.
- тіршілік ету ортасын, көбею жағдайларын, көші-қон жолдарын және жануарлар дүниесінің шоғырлануын сақтау;
- Ақбөкеннің төлдеу кезеңінде жұмыс істеуге шектеу қою.

Өңделген қалдықтарды кері қабаттап, қоймаларға жинақтай отырып, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің қабылданған схемасы технологиялық тиімділікті қамтамасыз етеді, қайта өңдеуге жіберілетін шикізаттың сапасын бақылауды жақсартады, қоршаған орта компоненттеріне теріс әсерді азайтады.

# Қоғамдық тыңдау

**«Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары»**
ықтимал әсерлер жөніндегі есеп жобасы



# Кіріспе

- Тақырып: Қараоба кен орнындағы техногендік минералдық түзілімдерді (байыту қалдықтары) ашық әдіспен өндіру
- Орналасу жері:Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шет ауданы
- Іс-шараның бастамашысы : «Қараоба 2005» ЖШС

# Кен орнының сипаттамасы

- Қараоба кен орны Қарағанды облысының Шет ауданынның Оңтүстігінде орналасқан.
- Кен өндіру учаскесінің ауданы 6,4 шаршы шақырымды құрайды.
- Ең жақын елді мекен Жамбыл 2-2,5 шақырым жерде.
- Жамбыл ауылы жойылып, Шет ауданы Кәрім Мыңбаев ауылдық округіне қарасты Қызылтау ауылының әкімшілік-аумақтық қарауына енгізілді. Аудан жартылай шөлейтті ландшафттармен сипатталады, өсімдіктері сирек (жусан, қауырсынды шөптер) және төтенше жағдайларға бейімделген жануарлар. Ешқандай маңызды су қоймалары жоқ.



# Әсер ететін аумақтың сипаттамасы

Байыту қалдықтары түріндегі техногендік минералдық түзілімдер тікелей Қараоба кен орнының тау-кен учаскесінде орналасқан.

Ұсынылып отырған қызмет қосымша жер алуды немесе бөлуді қажет етпейді. Ландшафт - жартылай шөлейтті өсімдіктері бар және биоәртүрлілігі шектеулі жылжымалы жазық.

Тұрақты өзендер сияқты табиғи су объектілері жоқ. Кен орны ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мәдени мұра нысандарынан алыс жерде орналасқан.



# Жоспарланған қызметтің қысқаша сипаттамасы

- Қызмет түрі: Қараоба кен орнындағы техногендік минералдық түзілімдерді (тау-кен қалдықтары) ашық әдіспен өндіру. Бұған вольфрам алу және вольфрамит концентратын алу үшін қалдықтарды қазу, тасымалдау, сақтау, араластыру және кейіннен өңдеу кіреді.
- Қуаттылығы: Жылдық қалдықтарды өндіру және өңдеу қуаттылығы 519 809 тонна. Өндіру үшін қолда бар жалпы қор 2 384 354 тоннаны құрайды. Тау-кен жұмыстары белгіленген қуатта бес жыл бойы жалғасады.
- Өндіріс процесі: Тау-кен жұмыстары қоршаған ортаның температурасы 0°С-тан жоғары болған жылы мезгілде, 11 сағаттық екі ауысымда жүргізіледі. Шахта қалдықтары бұрғылау және жару жұмыстарынсыз, экскаваторлар мен тиеу жабдықтарын пайдалана отырып өндіріледі. Шахталық қалдықтар уақытша сақтау орындарына самосвалдармен жеткізіледі.
- Іс-шараларды жүзеге асыру нұсқалары: Жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін орынды таңдау тікелей Қараоба кен орны шегінде орналасқан байыту қалдықтары түріндегі техногендік минералдық түзілімдердің орналасуымен және жұмыс істеп тұрған өндірістің белгіленген инфрақұрылымымен анықталады.

# Жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін елеулі әсері

- Адамдардың өмірі мен денсаулығы: ТМО жұмысы кезінде ауа сапасының қысқа мерзімді нашарлауы және шу деңгейінің жоғарылауы мүмкін. Дегенмен, жоба жұмыс орындарын ашып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартады. Жақын елді мекендердегі ауа сапасы өзгермейді..
- Биоалуантүрлілік: Өсімдіктер мен фаунаға тікелей әсер ету тек кен өндіру аймағымен шектеледі. Жергілікті мекендеу орындарын жоғалту өсімдіктерді қалпына келтіру шараларымен өтеледі. Жануарлардың қоныс аудару жолдары әсер етпейді.
- Топырақ және жер: Тау-кен учаскесінің жалпы ауданы 6,4 шаршы шақырымды құрайды. Қалдық қалдықтарының жалпы қоры төлқұжат деректері бойынша вольфрам триоксиді 0,138%, молибден 0,003%, висмут - 0,049%, қалайы - 0,045% орташа мөлшерімен 2 562,52 мың тоннаны құрайды.
- Су: Гидрологиялық режимдегі өзгерістер тек тау-кен аймағына ғана тән болады. Жер асты немесе жер үсті суларының металмен ластану қаупі жоқ.
- Атмосфералық ауа: Негізгі әсер шаң шығарындыларымен және жабдықты шығарумен байланысты. Ластануды барынша азайту үшін шығарындыларды бақылау және шаңды басу жүйелері енгізілуде.

# Эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштері туралы ақпарат

- Атмосфералық шығарындылардың максималды мөлшері:
- Өндіру кезінде: 16,65 т/жылға дейін
- Қалдықтардың максималды жинақталуы:
- Өндіру кезінде:
- Екінші реттік қатты қалдықтар – 509 412,88 т/жыл
- Жалпы қалдықтарды өндіру кезінде: 509 421,2949 т/жыл
- Қайталама қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚҚҚ) шығарудың максималды көлемі жылына 509 412,88 тоннаға дейін құрайды. Жоспарланған қызмет барысында жер үсті су объектілеріне ағызу болмайды.

# Авариялар мен төтенше жағдайлардың болу тәуекелдері

- Ықтималдық. Апаттар: Жүк көтермен жабдықтардың техникалық ақауларының ықтималдығы пайдалану стандарттарын сақтаған кезде төмен деп бағаланады. Қалдық қоймасының немесе қалдық су сақтау тоғанының тұтастығын бұзу ықтималдығы өте төмен, бірақ ықтимал салдары айтарлықтай болуы мүмкін. Қалдық қоймасының сыйымдылығынан асып кету немесе адам факторына байланысты қателіктер, әсіресе бақылау жеткіліксіз болған жағдайда, орташа ықтималдыққа ие.
- Табиғи құбылыстар: Қатты желдер мен шаңды дауылдар, әсіресе құрғақ мезгілдерде, ықтималдығы жоғары. Қысқы қар мен боран-бұл қыс мезгіліндегі орташа ықтималдық. Құрғақшылық пен маусымдық жаңбыр су ресурстарын басқару кезінде есепке алуды қажет ететін тұрақты табиғи құбылыстар болып табылады.
- Ықтимал зиянды әсерлер: Су ресурстарының, топырақтың, атмосфералық ауаның ластануы. Биоәртүрлілік пен әлеуметтік-экономикалық жағдайларға теріс әсер етеді.
- Салдардың алдын алу және жою жөніндегі шаралар: Нысандар мен шаңды басу жүйелерін бақылау. Бөгеттерді нығайту, табиғи апаттарға ден қою шараларын жоспарлау. Халықты хабардар ету жүйелері .

# Қоршаған ортаға тигізер әсердің алдын алу және азайту шаралары

- Әсердің алдын алу, азайту және азайту шаралары:
- - көлік қозғалысы қарқынды жүретін жолдарда шаңды басу жолдарды көше тазартқыштармен бүрку арқылы;
- ағынды суларды жер үсті су объектілеріне жібермей, өндірістік мақсатта суды қайта өңдеудің жабық контурлы жүйесін пайдалану.
- - арнайы жабдықтың қозғалтқыштарын мұнай төгінділерін жинайтын науалармен жабдықтау; - жол торабын дамыту және күтіп ұстау, көлік құралдары мен арнайы техниканың жолдардан тыс қозғалысына тыйым салу. Биоәртүрліліктің жоғалуының орнын толтыру шаралары: Жануарлар әлеміне әсер етуді азайту және тіршілік ету ортасын сақтау шаралары.

# Қайтымсыз әсерлер және қалпына келтіру шаралары

- Потенциалды қайтымсыз әсерлер:
- Тау-кен өндіру орындарында биологиялық әртүрліліктің ішінара жоғалуы.
- Экономикалық пайда ықтимал экологиялық шығындардан асып түседі, бұл жобаны қажет етеді.
- Жұмыс тоқтатылған кезде қоршаған ортаны қалпына келтіру шаралары:
- Техникалық рекультивация: үйінділерді өндіріп болған соң, үстіне топырақ төселеді.
- Қалпына келтірілген аумақтардың жағдайына ұзақ мерзімді экологиялық мониторинг жүргізу

# Қорытынды

- Жоба қоршаған ортаға тигізетін әсерлерді азайту, және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.
- Рекультивация жұмыстарын жүргізіп және бақылау жөніндегі шараларды енгізу өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

- НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!

**Қарағанды облысындағы Қараоба кен орнында техногендік минералдық түзілімдерді игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, «қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ») |
|---|---|---|---|
| 1 | Жулеуов И.Ж. (жергілікті тұрғын): Сіз жолдарды және олардың жағдайын көрдіңіз. Мүмкін сіздер оларды жөндеуге, қалпына келтіруге көмек көрсетсеңіздер жақсы болар еді. | Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): Сіздің ұсынысыңыз ескерілді. | Жауап берілді |
| 2 | Саметов Ғ.Ж. (жергілікті тұрғын): Сіз өңдеуді жоспарлап отырған қалдықтардың құрамында қандай элементтер бар? Вольфрамнан басқа, полиметалдар, соның ішінде бүкіл Менделеев периодтық кестені қамтитынын білеміз. | Бекжанов М.Г. («Два кей» ЖШС маманы): Қараоба кен орны 1950 жылдары ашылған. Онда полиметалдар жоқ, бірақ сирек кездесетін металдар болған: қалайы, вольфрам, молибден, бериллий, тантал, ниобий. | Жауап берілді |
| 3 | Саметов Ғ.Ж. (жергілікті тұрғын): ал рений, осмий, уран 235 сияқты металдар? | Бекжанов М.Г. («Два кей» ЖШС маманы): Рений молибденитте бар, ол осмий де, уран да жоқ, олар басқа тау жыныстарына жатады.<br>Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): Бұл қазірдің өзінде кеңестік кезеңде қолданылған материал және оның құрамында тек вольфрам бар.<br>Бекжанов М.Г.: Кеңес одағы кезінде материалды жер астынан шығарып, 0,1 мм-ге ұсақтаған, жуып, вольфрамды алып, қалған саз массасын екі қалдық қоймаға жинаған. Вольфрам ауыр металл болғандықтан, оны гравитациялық қондырғының көмегімен өндіру жоспарлануда, ал қалған материал, негізінен кварц, қалдықтар қоймасындағы бастапқы орнына қайтарылады. | Жауап берілді |
| 4 | Каримов Ж.И. (жергілікті тұрғын): Жер бетінде бар | Бекжанов М.Г. («Два кей» ЖШС маманы): Иә, жер бетінде бар | Жауап берілді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нәрсені алу үшін экскаваторды пайдалануды жоспарлап отырсыз ба? Ал шахта ше? | қалдықтарды өңдейміз. Шахтада жұмыс істеу жоспары жоқ, олар су басқан. Шахталар өндіріп болған соң сумен толтырылған, жоба бойынша жер асты жұмыстары жоспарланбаған. | |
| 5 | Каримов Ж.И. (жергілікті тұрғын): Су басқан шахта проблема емес, оларды енді бір-екі күнде насостармен суын сорып алуға болады. | Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): Біріншіден, ол бұл жиналыстың тақырыбы емес. Екіншіден, Кеңес Одағы кезінде шахталар төрт деңгейге дейін қазылған, ал ең соңында бір деңгей ғана қалды. Тіректерді салу және қайта шахта салу біз үшін экономикалық тұрғыдан тиімсіз. | Жауап берілді |
| 6 | Мадин Б. (жергілікті тұрғын): Ауылға не пайда, қандай көмегі болады? | Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): Біз 20-ға дейін жұмыс орнын ашамыз: экскаватор, самосвал жүргізушілері, гравитациялық қондырғы операторы, тракторшылар керек болады. | Жауап берілді |
| 7 | Омаров О.С. (Шет ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы): Жұмысты жоспарлап отырғаныңызды түсінеміз, жақсы. Бірақ оның ауыл тұрғындарына қандай пайдасы бар? Жоғарыда айтылғандай, жұмыс пен жол жөндеуге көмек қажет. Су тасқыны кезінде техникамен, бір Камаз сияқты жүк көлігінжәне трактормен қамтамасыз ете аласыз ба? | Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): техникамен жүк көлігін бөле аламыз, аудан, ауылдық әкімшіліктермен әлеуметтік-экономикалық келісім жобасын жасауды жоспарлап отырмыз. | Жауап берілді |
| 8 | Жергілікті тұрғын: Құрметті тұрғындар, бұл шағын кәсіпорын біздің мәселемізді шеше алмайды; оларда қаражат жоқ. Ең сорақысы, құжаттарын дайындап, аукционға қояды, қытайлар келіп жұмыс істейді. Барын келер ұрпаққа қалдырсын. Сондықтан жеке басым қарсымын. | Жақыпбаев Қ. («Қараоба-2005» ЖШС директоры): Жұмыс орындарын ашамыз, әкімдікпен әлеуметтік-экономикалық келісімге қол қоямыз, ресми түрде бәрін заңды түрде жасаймыз.<br>Біз жер қойнауына тиіспейміз.<br>Енді біздер жер бетінде орналасқан қалдықтарды өңдейміз. Тау-кен жұмыстарын жүргізгеннен кейін біз бұл қалдық қоймаларын қалпына келтіреміз, рекултивация жасаймыз. Қалған Жамбыл ауылындағы | «қоғамдық тыңдаулар тақырыбына қатысы жоқ» Жауап берілді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тұрғындарға да ол оң көмегін тигізеді.<br>Біз Қазақстандық компаниямыз,<br>Бізде Қытайлық серіктестер жоқ. | |